

Инватакси қызметін алушылардың санатын кеңейту туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2023 жылғы 10 қазандағы № 86/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 11 қазанда № 6501-09 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 19-бабына, "Автомобиль көлігімен (инватакси) мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі міндетін атқарушысының бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8950 болып тіркелген) Осакаров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Преамбула жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 03.02.2026 № 12/01 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осакаров ауданының аумағында инватакси қызметін алушылардың санаты келесі тұлғалар санаттарымен кеңейтілсін:

- 1) 1 топтағы мүгедектігі бар адамдар;
- 2) тірек-қимыл аппараты бұзылған 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар;
- 3) жүріп-тұруы қиын мүгедектігі бар балалар;
- 4) аутистік спектрдің бұзылуы бар мүгедектігі бар балалар;
- 5) Даун синдромы бар мүгедектігі бар балалар;
- 6) церебралды параличі бар мүгедектігі бар балалар;
- 7) ақыл-ойдың бұзылуы бар мүгедектігі бар балалар.

2. Осакаров ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 9 маусымдағы № 46/01 "Инватакси қызметін алушылардың санатын кеңейту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №28466 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Осакаров ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушысы

А. Шалабаева